«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 5 - кіреберіс,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 5 подъезд,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

_____№_____

_____

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттары
«Әділет» партиясы
фракциясының мүшелері
А. Жансеңгіровке
Ж. Данбаеваға
А. Тоқтамұратқа

2026 жылғы 8 қазандағы
№ ДС-60

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі амбулаториялық жағдайларда бейінді мамандардың консультацияларын және диагностикалық зерттеулерді күту мерзімдеріне қатысты ұсыныстарды өз құзыреті шегінде қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жібереді.

Қосымша: 4 п.

Министрдің міндетін атқарушы **Т. Мұратов**

орын. Г. Амирханова
тел 74-32-83

05.11.2026 Копия электронного документа.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

_____ № _____

Астана қаласы город Астана

2026 жылдың 3 қарашасы № 340-і

Міндеттерді жүктеу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

Менің болмауыма байланысты, 2026 жылғы 4 қарашада Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттерін орындау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратұлы Мұратовқа жүктелсін..

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі **А. Әлназарова**

Орындаушы: Ш.Б. Дюсенбаева; Айы-күні: 03.11.2026ж.; Құжат «Е-қызмет» жүйесінде дайындалған

Қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі *(бұдан әрі – Министрлік)* амбулаториялық жағдайларда бейінді мамандардың консультацияларын және диагностикалық зерттеулерді күту мерзімдеріне қатысты ұсыныстарды өз құзыреті шегінде қарап, келесіні хабарлайды.

Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 16 шілдедегі № 77 бұйрығымен «Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібі жетілдірілді.

1. Жоспарлы медициналық көмекті күтудің бірыңғай шекті мерзімін, оның ішінде балалар мен онкологиялық ауруларға күдік болған кезде қысқартылған мерзімдерді белгілеу туралы.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, медициналық көмекті көрсету мерзімдері пациенттің жағдайы мен медициналық көрсетілімдеріне қарай айқындалады.

Сонымен қатар, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, пациенттерді медициналық көрсетілімдеріне сәйкес басым тәртіппен маршрутизациялау, оның ішінде «жасыл дәліз» тетігін қолдану көзделген.

Дәрігерге дейінгі медициналық көмек шеңберінде орта медицина қызметкерлері пациенттің жағдайын бастапқы бағалауды жүргізіп, өз құзыреті шегінде қажетті медициналық іс-шараларды жүзеге асырады және медициналық көрсетілімдер болған жағдайда пациентті тиісті маманға бағыттайды.

Ересек адамдарға онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығымен *(бұдан әрі – №112 бұйрық)* бекітілген.

№112 бұйрыққа сәйкес мамандардың консультациялары және амбулаториялық жағдайларда қатерлі ісіктерге күдікті пациенттерді тексеру «жасыл» дәліз бойынша – жалпы кезектілік пен шектеулерден тыс, он сегіз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұл өз кезегінде, қатерлі ісіктерге күдікті пациенттерге қажетті диагностикалық зерттеулер мен бейінді мамандардың консультацияларын басым тәртіппен ұйымдастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасында балаларға онкологиялық және гематологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру «Қазақстан Республикасында балаларға онкологиялық және гематологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

05.11.2026 Копия электронного документа.

министрінің 2024 жылғы 13 тамыздағы № 60 бұйрығына *(бұдан әрі – Бұйрық)* сәйкес жүзеге асырылады.

Бұйрыққа сәйкес онкологиялық немесе гематологиялық ауруға күдік болған кезде баланы «Балалар онколог және гематолог» дәрігеріне консультацияға жібереді, онда диагноз қою үшін диагностикалық зерттеулердің қосымша көлемі жүргізіледі (клиникалық талдаулар, миелограмма, онкомаркерлер, аспаптық – ультрадыбыстық зерттеу, компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография және т.б.). Онкологиялық немесе гематологиялық ауру диагнозы расталған кезде «Балалар онкологы мен гематологы» маманы дәрігер баланы диагнозды толық верификациялау үшін және одан әрі мамандандырылған емдеуге республикалық деңгейдегі балалар медициналық ұйымдарына жібереді.

Осылайша, аталған тетіктер медициналық көмектің уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге және пациенттердің негізсіз ұзақ күтуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

2. Күту мерзімдерін автоматты бақылауды, қосымша орындаушыға қайта бағыттауды, жария мониторингті енгізу және штаттық нормативтер мен тарифтерді қайта есептеу туралы.

Аталған мәселе медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды басымдықтардың бірі болып табылады.

Министрлік күту мерзімдеріне тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, оның нәтижелері жұмыс кеңестерінде өңірлер бөлінісінде жүйелі түрде қаралуда.

Талдау нәтижелеріне сәйкес, бейінді мамандардың қабылдауын күту мерзімі орта есеппен 2 аптаға дейін созылады. Сонымен қатар, жекелеген өңірлерде бұл көрсеткіш 5-6 күнді құрайды.

Күту мерзімдерінің айырмашылығы, негізінен, медициналық ұйымдардың бейінді мамандармен қамтамасыз етілу деңгейіне және кадрлармен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Атап айтқанда, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы және Жетісу облыстарында бейінді мамандардың қолжетімділігіне байланысты қабылдауды күту мерзімі салыстырмалы түрде қысқа.

Сонымен қатар, азаматтардың дәрігер қабылдауына жазылу мүмкіндігінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында Министрлік «Ресурстарды басқару жүйесі» цифрлық жүйесінде *(бұдан әрі – РБЖ ЦЖ)* дәрігерлердің қабылдау кестелерін орталықтандыру бойынша жұмыс жүргізуде. Аталған жүйе дәрігерлердің қабылдау кестесін кемінде 30 күнтізбелік күнге жылжымалы негізде міндетті түрде толтыруды көздейді.

Бірыңғай қабылдау кестесінің іске асырылуы медициналық ұйымдардың штаттық кестесі мен мамандардың нақты жұмыспен қамтылуы негізінде бақылауға алынатын болады. Дәрігерлердің қабылдауына жазылуды негізсіз шектеуге жол бермеу көзделеді. Қабылдау кестесіне өзгерістер тек кадр қызметінде ресімделген демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық, іссапар және өзге де тиісті жағдайлар негізінде енгізілетін болады.

Тиісті функционалды әзірлеуді 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Бұдан кейін РБЖ ЦЖ-да қалыптастырылған қабылдау кестелерін пайдалана отырып, «Дәрігердің қабылдауына жазылу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін жетілдіру көзделген.

Бұл медициналық ақпараттық жүйелер мен электрондық жазылу сервистері үшін қабылдау кестесі туралы бірыңғай ақпарат көзін қалыптастыруға, сондай-ақ дәрігерлердің қабылдау уақытының толықтығы мен қолжетімділігін бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

3. Жолдамалар көлемін клиникалық хаттамалармен айқындау және қайта қабылдауға жазылуды емдеу нәтижесіне байланыстыруды алып тастау туралы.

Бейінді мамандардың консультациялары мен диагностикалық зерттеулерге жолдау пациенттің клиникалық жағдайы, медициналық көрсетілімдері және қолданыстағы клиникалық хаттамалар негізінде жүзеге асырылады.

Бір аяқталған жағдай шеңберінде үш түрлі бейінді маманға дейін консультацияға жолдама беру нормасы пациенттің медициналық көрсетілімдеріне сәйкес қажетті мамандардың консультацияларын уақтылы алуын және медициналық көмектің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында енгізілген.

Бұл ретте, үш түрлі бейінді маманға дейін консультацияға жолдама беру пациентке көрсетілетін медициналық көмектің көлемін шектеу болып табылмайды. Қосымша консультациялар мен диагностикалық зерттеулер пациенттің клиникалық жағдайына және медициналық көрсетілімдеріне сәйкес қолданыстағы тәртіппен тағайындалады.

Негізгі мақсат – пациенттің маршрутын оңтайландыру, қайталама жолдамаларды азайту және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру.

4. Бейінді дәрігерге тікелей жазылуды тіркеу орнына колл-орталық арқылы ұйымдастыру туралы.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, азаматтарды, соның ішінде динамикалық байқауға жататын пациенттерді дәрігердің қабылдауына жазу медициналық ұйымның тіркеу бөлімі, телефон байланысы, оның ішінде медициналық ұйымның колл-орталығы, медициналық ақпараттық жүйелердің мобильді қосымшалары және электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, колл-орталық арқылы жазылу медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етудің қолданыстағы тетіктерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, азаматтарға ыңғайлы болу үшін медициналық қызметтерге жазылудың цифрлық арналарын дамыту және жетілдіру жұмыстары жалғасуда.

Министрлік МСАК-ты жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасындағы МСАК-ты жетілдіру жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын *(бұдан әрі – Жоспар)* бекітті.

Жоспар шеңберінде жүгінуді бастапқы бағалауды, медициналық көмек алудың оңтайлы маршрутын айқындауды, қажетті көрсетілетін қызметке жазуды, ақпарат беруді қамтамасыз ететін медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының тіркеу бөлімдері мен колл-орталықтары базасында пациенттерді бағыттаудың бірыңғай қызметін құру қарастырылған.

Амбулаториялық жағдайларда медициналық көмекті жетілдіру жұмысы жалғасуда.